ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 22 қазан №1513-25-00-2/2484-іс Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында
төрағалық етуші судья А.М.Жусупов,
сот отырысының хатшысы Г.М.Кушекбаеваның қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «ABA TRADE» Олжас Умирзакулы Кульмагамбетов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Д.Сарсенгалиев,
талап қоюшы өкілі Т.Ж.Тілектесов,
жауапкер О.У.Кульмагамбетов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-талап қоюшы, тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер «ABA TRADE» Олжас Умирзакулы Кульмагамбетовтың (бұдан әрі –жауапкер, өнім беруші) арасында «ашық конкурс» тәсілі негізінде 2025 жылдың 12 мамырда №94 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) жасалған.

Шарт бойынша жауапкер тапсырыс берушінің сұранысы бойынша 2025 жылдың 31 тамызға дейін 51 986 188,80 теңгеге (дизельді жанармай) тауарды жеткізуге міндеттелген.

Шарт қазынашылық органда 2025 жылғы 13 мамырда тіркелген.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы 2025 жылдың 30 мамырда енгізілген.

2025 жылы 14 шілдеде тапсырыс берушімен жауапкерге сұраныс жолданған.

Жауапкер міндеттемені ішінара орындап, 2025 жылы 15 шілдеде 5 926 991,62 теңгеге 18,846 тонна сұйық отынды жеткізген.

2025 жылдың 6 тамызында жауапкерге сұранысы жолданып, онда дизель отының барлық көлемін 25 тамызына дейін жеткізуі тапсырылған.

2025 жылдың 3 қазанда шарт бұзылған.

Талап қоюшы сотқа талап қоюмен жүгініп, онда жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды және 1 381 775,91 теңге тұрақсыздық айыбын өндіріп беруін сұраған. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша жауапкер міндеттерін ішінара 18,846 тонна жеткізіліп, қалған 146,454 тонна сұйық отын жеткізілмегендігін көрсеткен.

Жауапкерден қарсы пікір түсіп, онда алғашқы тауардың партиясын 2025 жылдың 15 шілдеде №16 тауарқұжатқа сәйкес 5 926 991,62 теңгеге, көлемі 18,846 тонна тапсырыс берушінің өтінімінсіз жеткізгенін, кейін 2025 жылдың 6 тамыздағы портал арқылы Шартты толық көлемде 2025 жылдың 25 тамызына дейін орындау қажеттілігі жөнінде хабарлама жолдағандарын, қалдық көлем 146 тонна орындауды физикалық тұрғыда мүмкіншілігі болмағанын, дизель отынының нарықтағы бағасының күрт көтерілуіне байланысты орындау мүмкін еместігін хабарлағандығын. 2025 жылдың 19 қыркүйекте портал арқылы Шартты орындау мүмкін еместігі және оны тараптардың келісімі бойынша бұзу қажеттігі туралы хабардар еткендігін. Ұсынылған айыппұл есебі дұрыс емес, себебі онда 25.08.2025 жыл есепке алынған, ал дұрыс есеп Шартта көрсетілген соңғы жеткізу мерзімі өткен күннен кейінгі күннен басталуы тиіс.

Талап қоюшы өкілі талап қоюды қуаттап, жауапкермен тауар ішінара жеткізілгенін, қалған бөлігін жеткізу үшін сұраныс жолдағандарын, міндеттемелерін орындамағаны үшін, шартты бұзғандарын айтып көрсетті.

Жауапкер талапты ішнара мойындап, қарсы пікірдегі уәждерін қолдап, жосықсыз қатысушы деп тануын мойындайтынын, ал тұрақсыздық айыбын өндіру мойындамайтынын, себебі талап қоюшының есебеі дұрыс еместігін, он күн үшін өндіру қажет екенін айтып көрсетті.

Прокурор талапты қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

Документ подписан: Жусупов А. М., 30.10.2025

Дата вступления в законную силу: 14.01.2026, судья Жусупов А. М., 23.01.2026

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ 8-бабының 4-тармағының 3,4-тармақшаларында (бұдан әрі-Заң) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 8 бабының 4 тармағында, осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті; осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу тралы заңнамасын және (немесе) шарттың талаптарын бұзу фактісі тралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сот отырысында жауапкермен келісім-шартта көрсетілген міндеттер ішінара орындалмағандығы анықталды. Шарт бұзылған.

Жауапкер сот отырысында, міндеттемелерін тиісті түрде орындамағандығын жоққа шығармайды, тауардын құны қымбаттауы талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруға негіз болмайды, себебі, жауапкермен жасалған Шарт бойынша міндеттемелері орындалмаған, талап қоюшы Заңға сәйкес уақытында сотқа жүгінген.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар негізінде, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарт бойынша өз міндеттемесін орындамағандығын ескере отырып, сот талап қоюшының талабы қанағаттандыруға жатады деп тұжырымдайды.

№2 талап бойынша

Талап қоюшының айыппұлды өндіру құқығы, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 292-293, 298-баптарына сәйкес келеді.

Шарттың 7.3-тармақшасында, тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған

Документ подписан: Жусупов А. М., 30.10.2025

Дата вступления в законную силу: 14.01.2026, судья Жусупов А. М., 23.01.2026

1513-25-3-1/3324

міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 15 %-ынан аспауға тиіс. Егер Өнім беруші тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық өндірушілердің тізілімінде болса, онда тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 3% аспауға тиіс.

Жауапкердің талап қоюшымен тұрақсыздық айыбының есебі дұрыс емес, он бес күн үшін есептеу қажет деген уәжі негізсіз, себебі Шарттың 7.3-тармағанда да, 7.4-тармағында да тапсырыс беруші белгілі бір мерзімде айыппұлды өндіру үшін талап қоюмен жүгінуге міндетті деп айтылмаған.

Талап қоюшы айыппұл мөлшерін 30 күн үшін (2025 жылдың 25 тамызынан 23 қыркүйекке дейн) орындалмаған міндеттемелер сомасынан есептеген. Сот бұл есепті дұрыс деп санайды, 1 381 776 теңге (46 059 197,18 теңге х 0,1% х 30 күн) мөлшерінде өндірілуге жатады деп есептейді.

Сот, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 117-бабына сай, сот шығындары өндірілуге жатады деп санайды.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «ABA TRADE» Олжас Умирзакулы Кульмагамбетов мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «ABA TRADE» Олжас Умирзакулы Кульмагамбетовтен мемлекет пайдасына 1 381 776 (бір миллион үш жүз сексен бір мың жеті жүз жетпіс алты) теңге тұрақсыздық айыбы, жергілікті бюджет пайдасына 43 419 (қырық үш мың төрт жүз он тоғыз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге бір ай ішінде Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап шығарған сот арқылы апелляциялық шағым немесе прокурор өтінішхат берілуі мүмкін.

Документ подписан: Жусупов А. М., 30.10.2025
Дата вступления в законную силу: 14.01.2026, судья Жусупов А. М., 23.01.2026
1513-25-3-1/3324

Судья

А.М.Жусупов

Документ подписан: Жусупов А. М., 30.10.2025

Дата вступления в законную силу: 14.01.2026, судья Жусупов А. М., 23.01.2026

1513-25-3-1/3324